

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің  
**ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**  
Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

---

# **ПМУ ХАБАРШЫСЫ**

**Гуманитарлық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



# **ВЕСТНИК ПГУ**

**Гуманитарная серия**  
Издается с 1997 года

**№ 3 (2018)**

---

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**

Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

**Гуманитарная серия**

выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**о постановке на учет, переручет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ 17027-Ж

выдано

Министерством культуры, информации и общественного согласия  
Республики Казахстан**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области истории,  
правоведения и общественных наук**Бас редакторы – главный редактор**

Орсариев А. А.

*доктор PhD*

Заместитель главного редактора

Бегимтаев А. И. *к.полит.н., доцент*

Ответственный секретарь

Калиев И. А., *к.полит.н., доцент***Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Акишев А. А.,	<i>д.полит.н., профессор;</i>
Арын Р. С.,	<i>д.пол.н., профессор;</i>
Абсагтаров Р. Б.,	<i>д.филос.н., профессор;</i>
Ахмеджанова Г. Б.,	<i>д.ю.н., профессор;</i>
Борбасов С. М.,	<i>д.пол.н., профессор;</i>
Батырбаева Ш. Д.,	<i>д.и.н., профессор (Кыргызстан);</i>
Ветренко И. А.,	<i>д.пол.н., профессор (Россия);</i>
Джунусов А. М.,	<i>д.пол.н., профессор;</i>
Жиренчин К. А.,	<i>д.ю.н., профессор;</i>
Иватова Л. М.,	<i>д.пол.н., профессор;</i>
Косанов Ж. К.,	<i>д.ю.н., профессор;</i>
Кошенова Р. Н.,	<i>д.филос.н., доцент;</i>
Нурымбетова Г. Р.,	<i>д.пол.н., профессор;</i>
Романова Н. В.,	<i>д.и.н., профессор;</i>
Сабит М. С.,	<i>д.филос.н., профессор;</i>
Билялова Г. К.,	<i>д.филос.н., профессор;</i>
Кузембаев Н. Е.,	<i>к.и.н., доцент;</i>
Шокубаева З. Ж.	<i>(тех. редактор).</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна

**МАЗМҰНЫ****«МӘДЕНИЕТТАНУ» СЕКЦИЯСЫ****Ақажанова А. А.**

Табиғи заттарды қолданып ойнайтын ойын атаулары ..... 9

**Ақажанова А. А.**

Асық ойын атаулары және оның этномәдени сипаты ..... 18

**Мазина Ю. И., Камзина Н. Е.**Дизайнерлерді кәсіптілік дайындауда  
құзыреттілік әдісінің дидактикасы шығармашылық  
ойлау қабілетін дамыту негізі ретінде ..... 28**Подзюбан Е. В.**Льюис Генри Морган: Американдық  
мәдени антропологияның негізін қалаушы ..... 39**«САЯСАТТАНУ» СЕКЦИЯСЫ****Ельмуратов Ф. Ж.**Ғаламдықтың феномені:  
теориялық және әдістемелік аспектілері ..... 49**Калиев И. А., Ельмуратов Ф. Ж.**Қазіргі қазақстандағы рухани және саяси  
құрылымдағы исламның ұлттық құндылығы ..... 56**Калиев И. А.**

Қазақстан жастары және глобализациялаудың қазіргі үрдістері ..... 72

**«ӘЛЕУМЕТТАНУ» СЕКЦИЯСЫ****Асылханова Г. Ж., Гаппасова Л. А.**Ұлтаралық некелердің Қазақстан Республикасындағы  
ұлттық мәдениеттің өзара іс-қимылындағы рөлі ..... 80**Ахмет Ә. С., Таштемханова Р. М.**Орталық Азиядағы мемлекетаралық  
қатынастардың бүгінгі таңдағы жағдайы мен келешегі ..... 87

<b>Баяндина Г. Д., Қайырлы Н. А.</b> Заманауи қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің жағдайында телекоммуникация саласының дамуы туралы болашақ.....	97
<b>Бейсенова А. А., Игенова Б.</b> Қазақстан жастарының неке серігін таңдау стратегиялары (Әлеуметтанулық зерттеу қорытындылары негізінде) .....	107
<b>Бейсенова А. А., Жүнісова К. К.</b> Қазақ отбасыларындағы ер мен қыз балаларының әлеуметтенуіне қатысты ата-ананың гендерлік қондырғыларының ерекшеліктері .....	118
<b>Исахова Г. Д., Салықжанов Р. С.</b> Экономика теориясындағы неке мен ажырасу тұжырымдарын әлеуметтанулық талдауда қолдану тәжірибесі .....	125
<b>Мұратқызы А.</b> Қазақстан Республикасындағы көші-қон процесіне жұртшылықтың көзқарасы .....	135
<b>Сембина Ж. Ж.</b> Әлеуметтік түсініктерді зерттеудің әлеуметтанулық теориялық ағышарттары .....	159
<b>Таштемханова Р. М., Мақсұтов М. С.</b> Еуропа Одағының қазіргі уақыттағы интеграциялық қиыншылықтары .....	169
Авторларға арналған ережелер.....	178

## СОДЕРЖАНИЕ

## СЕКЦИЯ «КУЛЬТУРОЛОГИЯ»

<b>Акажанова А. А.</b> Названия казахских игр, отражающие натуральные предметы окружающей природы.....	9
<b>Акажанова А. А.</b> Этнокультурное содержание различных названий «асык» .....	18
<b>Мазина Ю. И., Камзина Н. Е.</b> Дидактика компетентностного подхода в профессиональной подготовке дизайнеров, как основа развития творческого мышления .....	28
<b>Подзюбан Е. В.</b> Льюис Генри Морган: основоположник американской культурной антропологии .....	39

## СЕКЦИЯ «ПОЛИТОЛОГИЯ»

<b>Ельмуратов Г. Ж.</b> Феномен глобализации: теоретико-методологические аспекты содержания .....	49
<b>Калиев И. А., Ельмуратов Г. Ж.</b> Традиционные ценности ислама в структуре духовной и политической жизни современного Казахстана.....	56
<b>Калиев И. А.</b> Казахстанская молодежь и современные процессы глобализации .....	72

## СЕКЦИЯ «СОЦИОЛОГИЯ»

<b>Асылханова Г. Ж., Гаппасова Л. А.</b> Роль межэтнических браков во взаимовлиянии национальных культур в Республике Казахстан .....	80
<b>Ахмет Ә. С., Таштемханова Р. М.</b> Современное состояние и перспективы межгосударственных отношений в Центральной Азии .....	87

<b>Баяндина Г. Д., Қайырлы Н. А.</b> Перспективы развития отрасли телекоммуникаций в условиях социально-экономических изменений в современном обществе .....	97
<b>Бейсенова А. А., Игенова Б.</b> Стратегии брачного выбора казахстанской молодежи (По результатам социологического исследования) .....	107
<b>Бейсенова А. А., Жүнісова К. К.</b> Особенности гендерных установок родителей в отношении социализации мальчиков и девочек в казахских семьях .....	118
<b>Исахова Г. Д., Салықжанов Р. С.</b> Опыт использования социологического анализа в экономической теории концепции брака и развода .....	125
<b>Мұратқызы А.</b> Миграционные процессы в Республике Казахстан в оценках населения .....	135
<b>Сембина Ж. Ж.</b> Социологические теоретические предпосылки к изучению социальных представлений .....	159
<b>Таштемханова Р. М., Максұтов М. С.</b> Интеграционные проблемы в рамках ЕС на современном этапе .....	169
Правила для авторов .....	178

## CONTENT

### SECTION «CULTUROLOGY»

<b>Akazhanova A. A.</b> The names of Kazakh games reflecting objects of the nature.....	9
<b>Akazhanova A. A.</b> Ethno cultural content of various names «Asyk» .....	18
<b>Mazina Y. I., Kamzina N. E.</b> Didactics of the skills approach in the professional training of designers as the basis of creative thinking development .....	28
<b>Podzyuban E. V.</b> Lewis Henry Morgan: the founder of American cultural anthropology...	39

### SECTION «POLITOLOGY»

<b>Elmuratov G. Zh.</b> The phenomenon of globalization: theoretical and methodological aspects of content .....	49
<b>Kaliyev I. A., Elmuratov G. Zh.</b> Traditional values of Islam in the structure of spiritual and political life of contemporary Kazakhstan .....	56
<b>Kaliyev I. A.</b> Youth of Kazakhstan and modern processes of globalization .....	72

### SECTION «SOCIOLOGY»

<b>Assylkhanova G. J., Gappassova L. A.</b> The role of inter-ethnic marriages in the mutual influence of national culture in the Republic of Kazakhstan.....	80
<b>Akhetmet A. S., Tashtemkhanova R. M.</b> Trends and prospects of interstate relations in Central Asia .....	87
<b>Bayandina G. D., Kaiyrly N. A.</b> Prospects for the telecommunications industry development in the conditions of socio-economic changes in the modern society.....	97

<b>Beissenova A., Igenova B.</b> Strategy of Kazakh youth marriage selection (According to the results of sociological research) .....	107
<b>Beissenova A., Zhunissova K.</b> Features of gender attitudes of parents concerning socialization of boys and girls in the Kazakh families .....	118
<b>Issakhova G. D., Salykzhanov R. S.</b> Experience of using sociological analysis in the economic theory of the concept of marriage and divorce .....	125
<b>Muratkyzy A.</b> Migration processes in the Republic of Kazakhstan in population estimates .....	135
<b>Sembina Zh. Zh.</b> Sociological theoretical prerequisites for the study of social representations .....	159
<b>Tashtemkhanova R. M., Maksutov M. S.</b> Integrational problems within the EU at the current state .....	169
Rules for authors .....	178

## СЕКЦИЯ «КУЛЬТУРОЛОГИЯ»

FTAMP: 13.11.47

**А. А. Ақжанова**

оқытушы, Қазақ және орыс тілі кафедрасы, Гуманитарлық факультеті,  
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.,  
010000, Қазақстан Республикасы  
e-mail: arnur.tleu@mail.ru

**ТАБИҒИ ЗАТТАРДЫ ҚОЛДАНЫП  
ОЙНАЙТЫН ОЙЫН АТАУЛАРЫ**

*Қазақтың ұлт ойындары тақырыпқа өте бай және алуан түрлі болып келеді. Бұрын ел қорғаушы батыр, жасуынгер, халық қайраткерлері, ойын үстінде көрінеді. Сол ойын арқылы шынығып, өзінің бойындағы табиғи дарынын шыңдай түседі. Ұлт ойындары осылайша атадан - балаға, үлкеннен - кішіге мұра болып жалғасып отырған. Ойын тек адамның дене күш - қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке т. б. тәрбиелеп қана қоймай, адамның ақыл – ойының толысуына, есейіп өсуіне де көп пайдасын тигізеді. Ойын тек көңіл көтеру мен ермек үшін жасалмаған, қайта халықтың жазу өнері әлі дамымаған, оқу орны болмаған кезде өз ұрпақтарын өмірге әзірлеу мүмкіншіліктерін пайдаланатын іс - әрекет қызметін атқарған. Бұл мақалада ойын атауларының жасалу тәсілдері сөз болады.*

*Кілтті сөздер: Бестас, қарагие, ошақ, ақсүйек, тоғызқұмалақ ойын атауы.*

## КІРІСПЕ

Ойнамайтын бала жоқ. Ойынға қызықпайтын адам жоқ. Көңіл көтермейтін адам, сауық құрмайтын халық жоқ. Үлкен де, кіші де ойнап көңіл көтереді, бір нәрсеге беріле қызығады, әр жетістіктен қанағат табады. Ал қызығу, қуану, қанағаттану – өмірді тамашалаудың көрінісі немесе өмірде сауық құрудың нышаны. Ойын халықтың өмір сүру салтынан, өмір сүру үшін күресінен туындаған қажеттіліктің бірі. Ойын-сауық еңбектің мазмұны мен құралына орай түрленген, жетілген. Қазақ – ойын-сауықшыл халық. Бүгінде қазақтың 550 ден аса ойын түрлері мәлім. Қазақ «баланы жастан» дегенде, ойын-сауық арқылы жасөспіріммен тәрбиелік жұмысты

ертерек және жас ерекшеліктеріне қарай жүргізуді пайымдайды. Ойынсыз ұрпақтың кім екенін, халықтың қандай екенін бағалау екіталай. Адам мен ойын түйіндес, түбірлес. Ойын-сауық қазақтың әдет-ғұрпына үнемі және айқын ықпал еткен.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақтың ұлттық ойындарының бірқатары табиғи заттармен ойнауға негізделген. Сондай ойындардың бірі - ақсүйек. Бұл ойын қазақ жастарының арасында кеңінен таралған ойындардың бір түрі. Ойын жаздың айсыз қараңғы түндерінде ойналады. Ол үшін шөптесін кең алаң таңдалынып алынады. Ақсүйекке мал сүйегінен басқа көбінесе аппақ қып жонылған, уыстап ұстауға ыңғайлы ағаш пайдаланылады. Ақсүйек ойыны екі топқа бөлініп ойналынады да, олардың әрқайсысына жанама ат қойылады. Төреші ойынды басқарады. Екі топты көлденең мәре сызығына тұрғызып, қолдағы ақсүйегін ойын алаңына лақтырады. Төреші белгі берген соң, қатысушылар сүйекті іздеуге шығады. Ойын шарты бойынша ақсүйекті тауып алған ойыншы өз тобының жанама атын дауыстап айтуға міндетті. Ойыншының дауысын естіген өз тобының ойыншылары оның мәреге жетуіне көмектесуге күш салысады, қарсы топтың ойыншылары қолынан ақсүйекті тартып алып, төрешіге жеткізуге әрекет жасайды. Ақсүйекке талас кезінде ойыншыларға денеден, киімнен ұстап, аяқтан шалып, қолмен ұруға болмайды. Тек қана қолдан ұстауға рұқсат етіледі. Сүйектен жолда айырылғандар қарсы жаққа өтіп отырады да, қай топ белгілі уақыт ішінде көп адамынан айырылса, сол топ жеңілген болып есептеледі. Жеңілген жақтың жетекшісі не топтың бір мүшесі қарсы жақтың айыбын өтеп, көпті күлдіретін бір өнер көрсетеді. Ойын аяқталады. Ақсүйек ойыны жастарды жылдамдыққа, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, ізденімпаздыққа үйретеді.

Ақсүйек сөзінің лексикалық құрамы халық тілінде белгілі сөздер. Ақ және сүйек сөздерінің өзара тіркесі шектестік зандылығы бойынша ауыс мағынада қолданыла келе, ойын атауына айналып кеткен. Ақсүйек атауы қазақ түсінігінде тек ақ сүйек зат ұғымын емес, қазақтың этномәдени менталдық ұғымына сәйкес жастардың көңіл көтеретін сауығын білдіреді. Мысалы, Ауылды сағынған, ауыл ойынын сағынған Шоқан таң атқанша ұйықтамай, «Ақсүйек», «Қарабие», «Тоқтышақ» ойындарының бәрін де ойында (С. Бегалин).

Ошақ – ашық алаңда ойналатын ойын атауы. Ойынға қатынасушылар жиылып, кең алаңқай жерді таңдап алады да, қатынасушылар түгел сиятындай етіп, үлкен төрт бұрыш сызады. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Төрт бұрышты ошақ дейді. Ошаққа қай топ түсетіні

жеребе тарту арқылы шешіледі. Жеребеден ұтқан топ сыртта қалады, екінші топ ошақтың ішінде тұрады. Сырттағылар кіші доппен ішіндегілерді тоқпаштайды [1, 131]. Ошақ: 1) халық тілінде үстіне қазан асылатын үш аяғы (бұты) бар темір шеңбер; 2) ауыс, үй іші, отбасы [2, 7 т., 498]. Көне түркі тілінде белгілі сөз: МК: ошақ «пеш», ошақлан «пеш қою» ошақлық «пешке арналған», Турфан-техте очук «пеш» [3, 362]. Ошақ сөзі отбасының құты, тірегі мағынасында символдық мағына ие.

Ойын атауы ошақ халық тілінде белгілі ошақ сөзінің шектес ұғымды білдіруіне байланысты екінші номинативтік атауы ретінде туған.

Ерте заманда балалар арасында көп тараған ойын атауларының бірі – қарагие. Ойын көгалды жерде, алаңдарда ойналады. Ойынға барлық бала қатыса алады. Әр ойыншының қарағайдан немесе қайыңнан ұзындығы 2–2,5 м бір басы үшкір сырықтары болады. Егер сырықтары жас ағаштан жасалған болса, үшкір жағын отқа ұстап кептіріп алу керек, сонда мұқалмайды. Ойын жүргізуші көмбеден 15–20 м жерге апарып жалауша тігеді. Ойынның мақсаты – әрбір ойыншы белгіленген қашықтықтан өзінің таяғымен жалаушаны көздеу. Ойын жүргізушінің өзіне де ойнауға болады. Осылайша қай ойыншы жалаушаға көп тигізсе, сол ұтқан болып саналады [1, 109].

Қарагие – көне заманнан келе жатқан ойын, қазіргі кезде ойналмайды деуге болады. Ойын атауының шығу тарихы көмескі, қарагиенің бірінші сыңары қара болса, екінші сыңары кие болуы мүмкін, онда магиялық сипат бар. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде қарабие балалар ойыны деп берілген [2, 6 т., 60]. Мүмкін, сөздіктегі қарабие шынында қарагие болуы мүмкін. Себебі революцияға дейінгі саяхатшылардың естеліктерінде тек қарагие атауы кездеседі. Қалайда, екі сөз тіркесі білдіретін атаудың шектестігінен ауыс мағынада туған ойын атауы сияқты.

Бестас – ұсақ бес таспен, қақпақылдап ойнайтын балалардың ұлттық ойынының атауы. Бестас ойыны бірлік, екілік, үштік, төрттік, жолақ, алақан, төрт бұрыш, арттан тастау, үнемдес, сарт-сұрт, қаршу нөби деп аталатын кезеңдерден тұрады (ҚҰЭ). Бестас ойынын далада да, үй ішінде де ойнай береді. Бестас – өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлттық ойын атауы. Ол еңбек құралдары ағаш, тас, сүйек болып келетін ғасырларда пайда болған. Жасөспірімдерден бастап, ересек адамдарға дейін ойнайтын ойын. Ойынға керекті зат бес асық немесе кішірек бес домалақ тас. Ойынды кімнің бірінші болып бастайтынын шешу үшін ойынға қатысушылар кезектесіп, бес тасты алақандарына салады да, жоғары серпіп жіберіп, алақандарының сыртымен тосып алады да, серпе қаршып ұстайды. Ең көп қаршып ұстаған ойыншы бірінші кезек алады да, қалғандары да сол ретпен кезекке тұрады. Бұл ойынның он шақты тәсілі бар. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады.

Барлық тәсілдерді мүлтіксіз өткізген ойыншы өзіне жазылған ұпайды екі жолмен белгілейді. Бірінші жол: бес тасты уысына алады. Сонан соң оны екінші рет лақтырып, қолының сыртымен қағып алуы керек. Әр тас он ұпайдан есептеледі. Бестас елу ұпай болады. Екінші жол: бес тасты жоғары лақтырады да, жоғарыдан төмен қарай қақшып, қағып алады. Мұнда да бір тас он ұпай деп есептеледі. Бес тасты түгел қағып алса, елу ұпай алады. Әр тәсілді орындаған кезде қойылатын шартты бұзған ойыншы кезегін келесі ойыншыға береді де, өзіне қайта кезек келгенше көруші болып отырады. Қайта кезек алған кезде, қай тәсілден қателік жіберсе, сол тәсілден бастап ойнайды [4, 42].

Тоғызқұмалақ – ертеден келе жатқан тоғыз ұялы ұлт ойынының атауы [1; ҚТТС: 9 т., 156]. Ол – әлемдегі көне үстел ойындарының бірі. Адамдарды тәрбиелеу, олардың ой-санасын шынықтыру, жетілдіру құралдарының қатарына жататын қиын да қызық ой спорты түрлерінің бірі – қазақтың математикалық тоғызқұмалақ ойыны. Бауырлас қырғыз, қазақ, қарақалпақ, алтай халықтарының арасына кең тараған, ерте заманнан бері ұмытылмай келе жатқан бұл ойынның қашан шыққанын, қайдан шыққанын және кімнің ойлап тапқанын дәл айта қою қиын. Қазіргі кезде тоғызқұмалақ осыдан 4500 жыл бұрын пайда болды деген көзқарас бар. Мұндай пікірлер қазба жұмыстары қорытындыларына сай жасалған. Тоғызқұмалақ есеп ойыны. Мұнда арифметикалық төрт амалды өте жақсы білетін, еске сақтау қабілеті өте күшті адамдар ғана жеңіске жетеді. Математика ғалымдарының айтуына қарағанда, тоғыз саны көптеген арифметикалық жұмбақтар шығаратын ерекше қасиеті бар сан. Ойынның тоғызқұмалақ аталуында да сыр бар сияқты. Тоғызқұмалақ ойыны туралы оқу құралдары, әдебиеттер баршылық. Тек 1967 жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген Т. Сұлтанбековтің «Шахмат. Дойбы. Тоғызқұмалақ» деген кітабынан осы ойынның ауызекі тараған тарихын ғана оқып білуге болады. 1975 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан Ә. Ақшораевтың «Тоғызқұмалақ» атты кітабы – шын мәнінде бұл өнерді тереңдете зерттеген тұңғыш еңбек. Кітапта тоғызқұмалақтың тарихы, мән-мазмұны, ойнау ережесі ғана емес, ойынның бүгінгі талабына орай жаңаруын да кеңінен қамтып, ол өзгеріске ғылыми түсінік береді, тоғызқұмалақтың қыр-сырын терең әңгімелейді. 1957 жылы баспадан шыққан М. Төнекеевтің «Қазақтың ұлттық ойындарында», М. Рақымқұловтың «Тоғызқұмалақ» деген кітапшасында, газет-журналдардағы бірен-саран жарияланған материалдарда «Тоғызқұмалақ ойынын тұңғыш рет қойшылар ойлап шығарыпты» делінген. Тоғызқұмалақ «Қойшылар алгебрасы» деп те аталады. Тоғызқұмалақ ерте заманда қойдың құмалағымен ойналып келген. Бұл ойынға күрделі жабдықтардың да керегі

болмаған. Екі ойыншыға тоғыз-тоғыздан шұңқыр, құмалақ жинайтын үлкен ұя және әр қайсысы үшін 81-ден барлығы 162 құмалақ қана керек болған. Оны қойшылар жерден қазып-ақ ойнай берген екен. Келе-келе ойын қазақ арасына кеңінен тарап, қалың бұқараның мәдени қажетіне айналған. Тоғызқұмалақ ойынының осы уақытқа дейін өзіндік нотациясы болған жоқ. Бұл тұрмақ, Қазан революциясына дейін тоғызқұмалақ ойнайтын тақта да некен-саяқ кездесуші еді. Осының салдарынан өткен замандағы ел ішіндегі үздік ойыншылардың бай, мол тәжірибесі, әдіс-айлалы ойындары, шығармашылық еңбектері олардың іштерінде кетті, жарық көре алмады. Ойын өзінің арифметикалық мүмкіндіктерін толық аша алмай, баяу дамыған. Қазан революциясына дейін қазақ халқы басқа да ұлттық мәдени байлықтармен қатар, тоғызқұмалақ ойынын да ел аузында сақтап келді.

Тоғызқұмалақ ойынының бірнеше түрі бар. Оның балаларға арналған қарапайым түрін «Қоздату», «Бестемше» деп атайды. Мұның өзі тоғызқұмалақтың адамның ой-санасының жетілуіне байланысты күрделене түсетін шытырман, қызық ойын екендігін көрсетеді. Тоғызқұмалақ ойынының жолдары көп. Бұл ойынның ерекше бір қасиеті терминдерінде, терминдеріне қарасақ, «бұл нақты мал шаруашылығының тудырған ойыны екен» деуге болады. Шынында, «құмалақ» деген сөзінің өзін алсақ, құмалақ – қойға, түйеге, ешкіге ғана тиісті зат. Ал «көкмойын» деп қазақ көпке дейін ұстатпай ыза қылған, артынан ұсталғаннан кейін айлар бойы мойнынан бұғалығы түспей, мойны көгерген жылқыны айтады. Бұғалығы мойнындағы жылқыны оп-оңай ұстап алуға болады. «Аққасқа» деген сөздің де мал шаруашылығымен байланысы күшті. «Атөтпес», «сырлы дала», «жаман үй» дегендерде осылар сияқты.

Тоғызқұмалақ атаулары халық тілінде бұрыннан белгілі тіл бірліктерінің негізінде туып, ауыс мағынада екінші аталымдық сипатта кездеседі. Мәселен, Тоғызқұмалақ ойынының тоғыз отауы былай аталады: Солдан оңға қарай бірінші отауды «құйрық» я «арт» дейді. Себебі, ондағы құмалақтар көпке дейін өзгермей, түгел қалып отырады. Екінші отауды «Тектұрмас» дейді. Себебі, жүріс көбінесе осыдан басталады. Үшінші отауды «Атөтпес» дейді. Оның себебі, қарсы жақтың аты бұған түспей кете алмайды. Төртінші отауды «жаманүй» дейді. Себебі, қарсы жақтың адамы бұл жерден үнемі жеп отырады. Бесінші отауды «Бел» дейді. Бұл екі орталық, аса қауіпті емес. Алтыншы отауды «Сары дала» дейді. Себебі бұл жүріске де, «түзди» алуға да ыңғайлы жер. Жетінші отауды «Қосан жылаған» дейді. Оның себебі – бұрынғы заманда Қосан деген ойыншыны тағы бір ойыншы дәл осы 7-ші отауда әлденеше рет «түздида» отырғызыпты, содан ыза болып жылапты-мыс. Сегізінші отауды «Көкмойын» дейді, себебі, мұнда да көптен-

көп «тұзди» алынатын көрінеді және бұл жерге көп құмалақ жиналып қала береді. Тоғызыншы отауды «Аққасқа» дейді. Себебі, бұл шұңқырда құмалақ көп жатады. Ойыншы бұл отаудан өз құмалағын шығарса-ақ, қарсы жақтың отауына түседі, бірден оған аттап түсу ойыншыға пайдалы болмайды. Өзін жауып кетіп барып жүрсе, әрине, тиімді болады. Соңғы жылдары оның біреуі ғана кеңірек тарауда, жарыс та сол бойынша өткізіледі.

Тоғызқұмапақ атауларын беруде зерттеушілердің пікірінде әртүрлілік байқалады. М. Тәнекеев пен М. Рақымқұлов ойыншылардың ұтқан құмалақтарын жинайтын үлкен орталықтағы ұяны қазан десе, қарт ойыншылар оны орда дейді. Құмалақты салатын шұңқырларды М. Тәнекеев пен М. Райымқұлов тау, отау десе, қарт ойыншылар «ұя» деп атайды. Ұя аттары да әртүрлі айтылып жүр. Біресе «Алды», «Көкмойын», «Жамантай», «Құспек», «Орта», «Қарашелек», «Атаспас», енді бірде «Маңдай», «Көкмойын», «Қандықақпан», «Белбасар», «Бел», «Атсыратар», «Атөтпес», «Көшпелі», «Таңдық» делінеді. Сонымен бірге, ұтқан адамдарды қалай білеміз? 1-ші тұздық алған әрі құмалағы көп адамды ұтқан деп есептеу керек сияқты. Қазіргі өткізіліп жүрген ұлт ойындарының бірі «Тоғызқұмалақ» деп аталғанымен, шын мәнінде тоғызқұмалақ емес, бұзаулатпа деп аталатын ойын сияқты. Бұзаулатпаның тоғызқұмалаққа ұқсастығы да бар. Дегенмен, бұзаулатпаның ойын тәртібі тоғызқұмалақтан өзгеше. Бұрын бұзаулатпаны далада мал бағып жүрген малшылар, бала-шағалар өрісте бір-бірімен кездесе қалғанда, аз-кем уақытты қызықты өткізу үшін ойнайтын. Себебі бұзаулатпаны ойнауға көп уақыт кетпейді.

Бұдан басқа үлкен тоғызқұмалақ деген атау бар. Ойынның бұл түрін ойнаудың қилы-қилы тәсілдері болған сияқты. Ертеректе Құду деген ойыншы «алды» деген ұядан бастап жүрген екен. Сол Құду өзімен ойнаған ойыншыларды ұта беріпті. Құду өзі кедей болса да, байлармен, ұлықтармен ойнағанда да, оларды шыдатпапты. Құдуды менсінбеген әлділер оның тоғызқұмалақты «Алды» деген ұядан бастап жүріп, ұтатын әдісін «Құдудың қу қасқасы» деп атап кеткен екен. Сол кездегі кейбір ойыншылар «алды» ұясынан бастап ойнауды көп қолданбай, өздерінше жаңа әдіс тауыпты, көбінесе «Белбасар» ұясынан бастап ойналатын болыпты. Себебі «Құдудың қу қасқасы» тым әйгілі әдіс болып, көнере бастаса керек. Кейінірек ойыншылар «Белбасар» ұясынан бастап жүруді де елге әбден мәлім әдіс деп санап, «Атаспас» ұясынан бастап жүруді жаңалық етіп енгізеді. «Алды», «Көкмойын», «Жамантай», «Құспек», «Орта», «Қарашелек», «Атаспас», «Көтей» деп, бір-біріне іргелес жасалған ұяларды атайды. Осы аталған ұялардың алдында ең үлкен бір ұя болады. Оны «Орда» деп атайды. Қазір кейбір ойыншылардың «қазан» деп жүргені – осы «Орда».

Енді біз М. Райымқұловтың кітапшасындағы ұялардың аттарын салыстырып көргенде, мынандай қайшылықтарды байқаймыз: «Алды» – «Маңдай», «Көкмойын» (дұрыс аталған), «Жамантай» – «Қанды қақпан», «Құспек» – «Белбасар», «Орта» – «Бел», «Қарашелек» – «Атсыратар», «Атаспас» – «Атөтпес», «Белбасар» – «Көшпелі», «Көтей» – «Тандық». М. Рақымқұловтың кітапшасындағы аттардың көпшілігі қазақтың табиғи ой жүйесін құру салтынан, әдетінен шалғай жатқан сияқты. Мысалы, қазақ орталықты «Қазан» деп атамайды, ал «Орда» деп атау қисынға келеді.

Жоғарыда айтылған М. Тәнекеевтің кітапшасында «Тоғызқұмалақ» ойынын жетілдіруге ерекше назар аудару керек» деген дұрыс пікір айтылған. Тоғызқұмалақ ойынын жетілдіру үшін, керекті деректерді ел арасынан жинау керек. Қазақ халқының төл өнері – тоғызқұмалқ бүгінде бір ғана ұлттың спорты емес, үлкен бұқаралық спорт түрлері сияқты жұртшылық қолдауын тауып, қазір дәуір талабына сәйкес дамып, өріс алып келеді. Тоғызқұмалақ бүкіл түркі халықтарының даналығының туындысы ретінде Орта Азиялық, дүниежүзілік спорт ойындарының төрінен орын алуға лайықты алтын қазына. Тоғызқұмалақ ойыны әсіресе Отан соғысынан кейінгі жылдары кеңінен тарай бастады. 1984 жылы Алматыда Қазақ КСР-інің чемпионаты өткізілді. Тоғызқұмалақ ойынының ережелері 1949 жылы жарық көрген. 1960 жылдан бастап тоғызқұмалақтан аудандық және облыстық жарыстар өткізіліп тұрды. Бұл жарыстарға Қырғызстан, Алтай өлкесінен де ойыншылар қатынасты [6; 125, 126, 142].

Тоғызқұмалақ қағидалары басқа тақтай (үстел) ойындарына да түгелдей қатысты. Яғни бұл ойынды басқа халықтар тәжірибесіне де пайдалануға болады. Мұндай негізі бір, ережелері бір ойындарды кең тарату арқылы ұлтаралық ғана емес, халықаралық та ойын ойлап шығаруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта да тоғызқұмалқ ойыны жылдан-жылға халық арасына кең тарап келеді. Тілдік тұрғыдан алғанда тоғызқұмалақ атауы халық тілінде ежелден белгілі сөздерден құралған, құрамындағы сөздердің лексикалық құрамы, мағыналары айқын. Тоғыз және құмалақ сөздерінің тіркесі ауыс мағынада қолданылып, соған шектес, қатысты ұғымды білдіруіне байланысты, келе-келе бірінші аталымдық ойын атауына айналып кеткен. Тоғыз сөзі, оның мағынасы көптеген шығыс халықтарында ерекше мәнге ие. Мысалы, моңғолдар 9 санын қасиетті деп есептеп, ханға жіберілетін сыйлық 9 заттан тұратын болған. Сол салт татарларда сақталған: қалыңдыққа берілетін сыйлық 9 заттан тұрады [5; 78]. Құмалақ сөзі де ежелден белгілі М. Қашқарида комук «жылқының құмалағы» комукла «жылқы құмалақтады» [2; ДТС: 455] түрінде берілген.



## ҚОРЫТЫНДЫ

Ойымызды қорытындылай келе, ойын-сауық адамның талдау, таңдау қабілетін шындайды, ортамен тіл табысуға, қарым-қатынасты жетілдіруге, жұмысын мазмұны етуге, жеңіске жетудің ең тиімді түрлерін қарастыруға, ой-өрісін кеңейтуге, байқампаздығын, аңғарымпаздығын жетілдіруге, сол арқылы тілін, сөздік қорын байтуға, адамның бойындағы қасиетті өлеуметтік күшке және қозғалысқа айналдыруға итермелейді.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 ҚТТС – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1–10. – Алматы : Ғылым, 1974. – 198б.

2 ДТС – Древнетюркский словарь. – Ленинград : Наука, Ленингр. отд., 1969. – 676 с.

3 Сағындықов, Е. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы : Рауан, 1991. – 174 б.

4 Тайжанов, С., Қасымбекова, С. І. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы, 2004. – 115 б.

5 Жанпейсов, Е. Этнокультурная лексика казахского языка (на материале произведений М. Ауэзова). – Алма-Ата : Наука, 1989. – 283 с.

6 Төтенаев, Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы : Қайнар, 1994. – 144 б.

Материал баспаға 13.09.18 түсті.

*A. A. Akazhanova*

**Названия казахских игр, отражающие натуральные предметы окружающей природы**

Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина  
г. Астана, 010000, Республика Казахстан.  
Материал поступил в редакцию 13.09.18.

*A. A. Akazhanova*

**The names of Kazakh games reflecting objects of the nature**

S. Seifullin Kazakh Agro Technical University,  
Astana, 010000, Republic of Kazakhstan.  
Material received on 13.09.18.

*Большая роль в статье отводится принципам номинации национальных игр.*

*Казахские национальные игры очень разнообразны по своей тематике. В давние времена защитники народа: богатыри, народные герои выделялись во время игр. Именно с помощью игр они закаляли свой дух, становились физически сильными. Национальные игры как народное наследие передавались от отца к сыну, от взрослых к младшим. Игра не только прибавляет силы, учит быстроте, выносливости, но и развивает, одухотворяет, воспитывает человека. Следует отметить, что игра нужна не только для развлечений и поднятия настроения, но и выполняет функции использования возможностей подготовки подрастающего поколения к разным ситуациям подготовки жизни.*

*A big role is given to the principles of the nomination of national games.*

*Kazakh national games are very different in their subject. From ancient times the defenders of the people: bogatyrs, national heroes stood out during games. With the help of games they tempered their spirits, became physically stronger. Traditional games as the national legacy were passed from father to son, from adults to juniors. The games not only make you stronger, faster and enduring but develop and spiritualize and educate as well. It should be noted that games are needed not only for fun but for preparation of the younger generation for different life situations.*

**А. А. Ақжанова**

Қазақ және орыс тілдері кафедрасының оқытушысы, Гуманитарлық факультеті, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы  
e-mail: arnur.tleu@mail.ru

**АСЫҚ ОЙЫН АТАУЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ  
ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ**

*Бұл мақалада қазақтың ұлт ойындарына ерекше орын беріледі. Мазмұнына қарай ұлттық ойындар алуан түрлі болып келеді. Біздің ата-бабаларымыз сол ойын арқылы шынығып, өзінің бойындағы табиғи дарынын шыңдай түскен. Ұлт ойындары осылайша атадан – балаға, үлкеннен – кішіге мұра болып жалғасып отырған. Ойын тек адамның дене күш – қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке т. б. тәрбиелеп қана қоймай, адамның ақыл – ойының толысуына, есейіп өсуіне де көп пайдасын тигізеді. Бұл жұмыста ұлттық ойындардың қазіргі заманда да өзекті екені айқын көрсетіледі, өйткені болашақ өсіп келе жатқан ұрпағымыздың жан-жақты дамуына тек қана ойындар әсер етеді.*

*Кілтті сөздер: алышы, тәйке (тәуке), бүге (бүк), шіге (шік), тұрық, табан, сомпы, оңқай, солақай, сақа, қорғашбай сақа, құлжа сақа, топай (томпай), жабайт, жабай, омпы/омпа, Хан (хан ату), құмар, сөре ойыны, тас қала*

**КІРІСПЕ**

Ойын – дегеніміз не? Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Қазақ халқының ұлттық ойындары ептілікті, өжеттілікті, шапшаңдылықты, тапқырлықты талап етеді, олардың түрі сан-алуан. Қазақ балаларының ежелгі заманнан сүйіп ойнайтын, кең тараған этномәдени менталды сипаты бар ойындарының бірі – асық ойыны.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Асық ойының атаулары. Ежелден тіршілігі мал шаруашылығына байланысты болған халқымызда асыққа байланысты атаулар мен сөз тіркестері жиі кездеседі. Асықпен ойналатын ойын түрі де көп. Асық

ойыны әсіресе балалардың, жастардың бойында көпшіл мінез, ептілік қалыптастыруда, денсаулығын шыңдауда өз қасиетін күні бүгінге дейін жойған жоқ. Республиканың көптеген мектептерінде үзіліс кезінде, демалыс уақытында балаларға асық ойынын ойнататын тәжірибені кеңінен қолдануға әбден болады. Алайда, балалардың бәрі бірдей асық ойыны атауларын біле бермейді. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін, этнограф Жағда Бабалықов ұсынған асыққа байланысты сөзтізбені беріп отырмыз.

*Алышы* – асықтың үйірілгенде табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ойын кезінде оған бірінші дәрежелі мән беріледі. *Тәйке (тәуке)* – асықтың үйірілгенде табаны үстіне қарап, тұрық түсуі. Ол екінші дәрежелі мәнге ие. *Бүге (бүк)* асықтың үйірілгенде дөнес жағы үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. Ол үшінші дәрежелі мәнге ие. *Шіге (шік)* – асықтың иірілгенде шұңқыр жағы үстіне қарап, жатық түсуі. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие. *Тұрық* – асықтың алышы не тәйке түсуі. *Омпы* – асықтың тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылып түсуі. *Сомпы* – асық тұмсығының көкке қарап, тік шаншылып шоңқая түсуі. *Табан* – асықтың тәйке жағы. *Оңқай* – асықтың бүгесі алақанға қарап, тәйкесі оң қол бас бармағына басылып ыңғайлы ұсталуы. *Солақай* – асықтың шігесі сыртқа қарап, алышы оң қол бас бармағына басылып ыңғайлы ұсталуы. *Сақа* – қолдағы бар асықтың үлкенінен, ірісінен, салмақтысынан, оңқайынан белгіленеді. Солақайлар сақаны солақай асықтан ұстайды. *Қорғашбай сақа* – табан жағын молырақ ойып, қорғасын құйылған сақа. *Құлжа сақа* – арқардың асығы. *Топай (томпай)* – бұзау, тайынша асығы. Мүз үстінде, әдейі асық ойнауға жасалған алаңда ойналғанда, алыстан ататын ойындарға топай сақа ретінде қатыстырылады. *Жабайт* – қой асығының сақадан кейінгі қорғасын құйылмаған түрі. Табандалады. *Жабай* – қой асығының әдеттегі түрі. Айырбасқа жүреді. *Шүкей (шүкейт)* – қой асығының кішкенесі, қозы, ешкі асығы. Ол да айырбасқа жүреді. *Шүкімейт* – жас қозы, жас лақтың асығы, ең кішкене асық. *Кеней* – шүкейдің көп пайдаланылып, мүжілген түрі [1, 36].

Бұлардан басқа қосымша атаулар бар: қоныс – асық тігетін сызық, жатсын – жатқан асықты қозғамау, кетсін – асықты әрірек итеру, иіру – кезекті анықтау үшін жеребе тастау [2, 29].

Шығу тегі жағынан асық ойындарының негізі көне түркілік бір түбірлі сөздер екені байқалады. Мысалы, асық М. Қашқарида ашук түрінде берілген [3, 64], ноғай тілінде ас деп аталады. Ә. Қайдардың пікірінше, түбірі ас (ас+ық) [4, 188]. Тәйке атауының түбірі – тәй «тегіс» мәнінде, ср. тайпақ, тайқы [4, 266]. Бүге атауының түбірі – бүк «бүктеу, ию» мәнінде, ср. бүкір, бүкте [4, 197]. Алышы атауының түбірі – ал «көтеріңкі, алдыңғы» мағынасында [4,186]. т.б.

Қазақтың ауыз әдебиетінде асық ойыны жиі айтылады. Ал «Алтын сақа» ертегісі балалар әдебиетінің алтын қорына қосылған. Халық арасында асық ойнауға байланысты «Алшы түсіп ақырып, сақа болып жапырып..», «Қолыңа жақса қой асығын сақа қой, ыңғайы келсе, ебін тауып ала ғой», «Асықтай үйіріліп...», «Алшыңнан түсірейін бе, тәйкеңнен түсірейін бе...», *асығы алшысынан түсті, асық атты, асық жамбы, асықты жсілік, қызыл асық, асық-топай (ойын), алтын асықтай, асықтай үйірді, еліктің асығындай* т.б. тіл бірліктері туған [5, 56–58].

Асықпен балгерлер бал ашатын болған. Сәби бала ауырмасын деп, боялған асықты бесігіне тағып қоятын ырым болған. *Асық ойындары* – «Хан атпақ», «Ханды қара басты», «Хан – уәзір», «Үйірмекіл», «Сасыр», «Атпақыл», «Қақпақыл», «Үштабан», «Омпы», «Алты атар», «Шық етер», «Тисін қабат», «Табан», «Төрт асық», «Бес асық» және т.б. түрлері байтақ қазақ даласына кең тараған. Солардың бірі – асық тігіп ойнау. Бұл ойын атауы бойынша бір топ бала жиылып келіп, тегіс жерді таңдап алады да, оны тазартып, ортадан төрт бұрышты сызық сызады. Сол төрт бұрышты ортасынан тең етіп екіге бөледі. Әр жағының қашықтығы балалардың жас мөлшеріне қарай белгіленеді. Сонда 1 метр немесе 1,5 метрге дейін болады. Мұны «көн» деп атайды. Сонда ойнаушылардың өзара келісімі бойынша көннен 4-5 метр не одан көп мөлшерде асық ататын орын белгіленеді. Оны сызықпен белгілейді. Ойыншылар осы жерден тұрып көндегі асықты ататын болады. Ойынды кім бірінші болып бастайтынын сақа иіру арқылы анықтайды. Сақасы алшы түскен ойыншы бірінші болып ату кезегін алады.

Ойыншы асыққа дәл тигізіп, оны көн сызығынан шығарса, оны алады да, сақасы түскен жерден қайта атады. Сөйтіп, көннен шығарғандарын ала береді. Егер оның сақасы көндегі асыққа тимей кетсе, асықты келесі ойыншы атады. Ал тігілген асықтарды бұзып, бірақ көннен шығара алмаса, қалған ойыншылар асықтарды сол жатқан қалыбында атып, көннен шығарып алуға тиіс. Ойын көндегі асықтар біткенше ойнала береді. Көндегі асық біткен соң ойынға қатысушылар бір-бірден көнге қайта асық тігіп, ойын қайта басталып, жалғаса береді.

Кең тараған асық ойындарының бірі – омпы/омпа – үйірген асықтың аша жағы төмен қарап тік тұру қалпының атауы. *Бес-алты бала қызыл танау болып жатқанда Сары жетті. Сыздық «шық етер» деп шыдатпаған соң, омпаға ауысқан екен* (Ғ. Мұстафин).

*Омпыны* тегіс алаңда, жазық жерде, тіпті үлкен бөлме ішінде де ойнай береді. Екі баладан он балаға дейін қатысса, ойын қызықты өтіп, ешкімді жалықтырмайды. Негізгі мақсат – неғұрлым көп асық ұтып алу. Ойын ережесі: «Омпы» ойыны үшін диаметрі 2,5–3 метрлік шеңбер сызылады.

Ойынға қатысушылардың әрқайсысы өзінің үлесін осы шеңбердің дәл ортасындағы сызыққа тигеді. Оның әр ойыны бір немесе бірнеше асықтан болуы мүмкін. Сол асықтардың арасынан ең үлкені (басқа түске, көбінесе қызылға боялады) омпысынан тұрғызылып, бір шетке қойылады. Әр ойыншының қолындағы негізгі асық сақа деп аталады. Бұған көлемді, шымыр, үлкен асық таңдалады. Кейде сақа үшін тайынша, құлынның да асығын пайдалануға болады. Бұл «топай» деп аталады. Кей жерде арқардың құлжа асығы пайдаланылады [1, 40–41].

**Хан** (хан ату) – асық ойынының атауы. Ойынға тек асығы мол 2–4 адам қатысады. Сондықтан да оны үй жағдайында ойнай беруге болады. Ойынның мақсаты – асық ұту. Ойын ережесі бойынша, ойнаушылар үстел басына жайғасып отырғаннан кейін, барлығы асықтарын шығарып қосады (айталық 3 адам 10 асықтан қосса 30 асық болады). Бір белгілі асықты *хан* етіп тағайындайды да, кезекпенен барлық асықты қос-қолдап алып, еден үстіне иіреді. Ойнаушының мақсаты асық ұту, ол үшін асықпен *ханды* атады: асықтың бәрін иірген кезде *хан* алшы түссе, онда алшы тұрған асықпен ғана ату керек, бүк түссе бүк түскен асықпен ғана ату керек. Атқан асығын қалтасына салып қойып, ары қарай жалғастыра береді. Егер ойнаушылардың бірі қолындағы асықпен *ханды* атайын деп отырғанда басқа асықты қозғап кетсе немесе *ханды* атқан асығы оған тимесе, *ханның* тұрысындай тұрған асық жоқ болса, онда ойнаушы атуын тоқтатады. Содан кейін асықты жинап алып келесі кезектегі ойыншы иіреді, ол да асықты атып ала береді. Бұл ойыншы да жоғарғыдағы тәртіпті бұзғаны үшін, ойынды тоқтатады. Келесі кезектегі ойыншы кіреді, сөйтіп асық таусылғаннан кейін ойынды қайта бастайды. Бұл жерде ескертетін жайт: асықты иірген кезде хан асықтардың астында көрінбей қалуы мүмкін, осы кезде асықты иіруші *ханды қара басты* деп дауыстайды. Мұндай жағдайды байқап отырған ойыншылар көндегі асықты бас салып талап ала бастайды. Кімнің қанша асық алғанында ешкімнің шаруасы болмайды. Әркім неғұрлым көп асық алуға тырысады. Ойын осынысымен қызықты [6, 136]. Ойын атауы халық тіліндегі *хан* сөзінің ауыс мағынасынан шыққан, *хан* көне түркі ескерткіштерінде, М. Қашқарида, «Құтадғу білікте» қан түрінде берілген [3, 417]. Н. Ондасынов оны парсы сөзі деп берген [7, 113]. Бұл ойын Ханталапай деп те аталады. Қызыл (сақа) асық алшысынан түссе болды, ортада жатқан асықтарды жапа-гармағай талап алатын ұлттық ойын [8, 57]. *Бұл ойынның «ханталапай» деп аталатын қызықты сәті болады* (Ө. Қанахин). Әр ойыншыдан бір-бір асықтан алып, оны бір ойыншы иіреді. Алшы немесе тәйке тұрған асық қалады да, бүге не шіге тұрған асықтарды иелері алады. Ең соңында кімнің асығы алшы

немесе тәйке тұрса, соның ойынды бірінші бастауға құқы бар. Ол ойыншы барлық асықты жинап алады да, бір қызыл сақаны «Хан» деп жариялайды. Содан соң, барлық асықты иіреді. Егер *хан* алшы түссе талапайға түседі, яғни кім бірінші «ханды» жұлып алса, қалған асықтар сонікі. Әрі қарай ұтқан ойыншы әр ойыншыдан асық жинап алып, жиналатын асық санын алдын ала келісіп алады, оған қызыл сақаны – «ханды» қосып иіреді. Содан соң бүге түскен асықты бүге түскен асықпен, шігені шігемен, алшыны алшымен, тәйкені тәйкемен шертіп тигізсе, тиген асықты алуға хақысы бар. Бірақ үшінші асыққа тигізбеуі шарт. Егер шерткенде асық жылжып үшінші асыққа тиіп кетсе, онда ол ойыншы кезегін келесі ойыншыға береді. Бұл ойында «ханмен» қалған асықтарды шертуге болмайды. «Ханды» ең соңғы асықпен шертеді. Халық тіліндегі «талауға түсірді» мағынасындағы *ханталапайға салды* тұрақты тіркесі осыдан қалған. *Ханталапай* лексикалық құрамы жағынан халық тілінде, көне түркі ескерткіштерінде белгілі сөздер: *хан* көне түркі ескерткіштеріне *қан* [3, 417], *талапайдың* түбірі *тала* «талау, қирату» [3, 528] түрінде берілген. *Ханталапай* ауыспалы, бейнелеу мәнінде қалыптасқан атау.

Асық ойынының басқа түрлеріне жататын ойындар мыналар: кетсін бір – көбірек асық ұтып алу мақсатында ойналатын ойын. Ойында балалар екі топқа бөлініп ойнайды. Ойын ережесі: ойнауға тілек білдірген барлық бала екі-екіден бөлініп, сақаларын қосып жіберіп, кезектерін анықтау үшін иіре бастайды. Бірінші кезек алған ойыншы қарсыласына өзінің шартын айтып қояды. Ондағы мақсаты – қарсыласының сақасын атқан кезде, шамасы келгенше алысқа ұшырып түсіру. Содан кейін сақаның алғашқы жатқан орнынан ұшып түскен жеріне дейінгі ара қашықтықты табан ұзындығымен өлшейді, сөйтіп қанша табанға ұшырса, яғни атушы өзінің қойған шарты бойынша сақаны ұшырған қашықтығына байланысты ұтқан асығын алады. Ондағы шарт әр үш табанға бір асық, болмаса табан басына бір асық. Осылайша өзара келісулеріне байланысты, бір-бірінен ұтқан асықтарын алып отырады. Сонда бірінші атушы бірге, екіге, үшке, төртке, тағы кеттім деп шарт қояды, яғни алғашқы бойынша әр бірлік – айталық үш табан, егер кетсе, онда алты табан, беске кетсе он бес табан қарсыласының сақасын ұшыруы керек. Бұдан соң екінші ойыншы қарсыласының сақасын атады, осылайша кезектесумен ойын жалғаса береді [1, 44]. *Кетсін бір* халық тіліндегі *кетсін* «бұйрық райдың үшінші жақ тұлғасы» мен *бір* «есептік сан есім» сөздері тіркесінің ауыс мағынада қолданылуынан шыққан. Келесі ойын шеңбер – асық ойынының атауы. Диаметрі үш адымдай шеңбер сызылады. Шеңберді қақ жара «сөре сызығы» түседі. Шеңбердің сыртынан ататын

сызық белгіленеді. Бірінші ату кезегі тиген ойыншы тігулі кенейлерді шеңбер сыртына шығара алмаса, келесі ойыншы шеңбер сызығын үзенгілігімен басып тұрып, бірінші ойыншының құлатқан асығын шеңбер сыртына шығарса, сақасы түскен жерден атуына болады. Шеңберден шығарған асықты алып отырады [9]. *Шеңбер* Н. Оңдасыновтың сөздігінде парсы сөзі *чәмбер-ден* шыққан [7, 106]. Ойын атауы сол сөздің ауыс мағынасынан туған. **Көтермекіл** – асық ойынының атауы. Екі ойыншы бір-бір сақадан алады да асық иіріп, қайсысының асығы бірінші алшы тұрса, сол ойыншы асығын лақтырады. Екінші ойыншы өз сақасымен қарсыласының сақасына тигізсе, онда екінші ойыншы оны сақасы жатқан жерге дейін көтеріп барады. Асықтар орнында жатады. Содан соң бірінші лақтырған ойыншы сақасын алып, екінші ойыншының асығын атады. Дәл тигізсе екінші ойыншы оны көтереді [9]. *Көтермекіл* асық ойынында жиі қолданылатын *қақпақыл*, *атпақыл* сияқты атаулардың үлгісімен (модель) жасалған, – *пақыл/мекіл* асық ойынына тән атауларды жасауда кездесетін жұрнақ. **Үштабан** – асық ойынының атауы. Бірнеше ойыншы сөре сызығының бойына қатар тігілген асықтардың біреуін алшы, біреуі тәйке, әрі біреуі бүге, біреуі шіге болатындай тәртіппен бір-бір асықтан тігіп шығуы керек. Егер осы реттілік бұзылып кетсе, кез келген ойыншы асықты талапайлап алуға хақысы бар. Сөредегі асықты атып, үш табаннан асыра жылжытса, онда ол асықты алады. Олай болмаған жағдайда кенейлер қайта сөреге тігіліп, келесі ойыншы атады. Атқан кезде сақасы үш табаннан жақын түссе, онда қалған асықты қолын артынан екі аяғының арасынан шығарып тұрып атады. Ойын атауы *үштабан-ның* құрамы халық тілінде, көне түркі ескерткіштерінде белгілі сөздер: М. Қашқарида *үч*, *табан* түрінде берілген [3, 525–621]. *Үштабан* атауы құрамындағы сөздер тіркесінің ауыс мағынада қолданылуынан шыққан деуге болады. **Құмар** – асықпен ойнайтын ойын атауы [8, 6 т.: 469]. Бұл ойынды үлкен-кіші демей ойнай береді. Ойынға қатынасушылар саны 5-6 адамнан аспауы керек. *Құмарды* тегіс жерде ойнайды. Ойынға 4 асық қажет. Ойынды кімнің бірінші бастауын асық иірумен шешеді. Ойында алшыны – жылқы, тәйкені – түйе, бүгені – қой, шігені – ешкі деп атайды. *Құмар* деп сол төрт түрдің біреуін атайды. Мысалы, төртеуінде де алшы түссе, төрт ұпай алады, «құмар болады», тәйке – үш, бүк – екі, шіге – бір ұпай алады. *Құмар араб* сөзі, араб тілінде *қимар* «құмар ойыны, ұтыс ойыны» дегенді білдіреді [10, 137]. **Сөре ойыны** – асық ойынының атауы. Ортаға бір сызық сызылады. Оны *сөре* деп атайды. Әр ойыншы келісім бойынша бірден немесе екіден кеней асықтарын сызық бойына тігеді. Ортаңғы асық сөре сызығына тура келуі керек. Ойыншылардың өзара келісімі бойынша

қабілеттеріне қарай сөреден 10-15 қадамдай екі жағына тең қашықтықта екінші сызық түседі. Ереже бойынша, кенейлерін тіккен ойыншылар өзара келісіп алып, кезек-кезек біреуі алшы, келесісі тәйке қалпында тігуі шарт. Егер ойыншылар жаңылып екеуі бірдей алшы немесе тәйке тігіп қойса, оны бақылап тұрған басқа ойыншылар «қамсыр» деп, тігілген асықтарды сыпырып алуға қақысы бар. Кенейлерді сөреге тіккен соң, ату кезегін алу үшін барлық ойыншылардың сақаларын жинап алып, бір ойыншы алақанына салып иіреді. Кімнің сақасы алшы түссе, бірінші ату кезегі соған тиеді. Тіліміздегі «асығы алшысынан түсті» деген тұрақты сөз тіркесі осылай қалыптасқан. Әдетте бұл сөз біреудің жолы болып олжалы болғанда, бәйге, сыйлық алғанда, ұтыс шыққанда т.с.с жағдайларда айтылады [9]. Ойын атауы *сөре* сөзі әдеби тілдегі «бәйгеден, жарыстан озып, бұрын келген жерді белгілейтін көмбе, мөре» мағынасындағы [8, 367] *сөре* сөзінің ауыс мағынада қолданылуынан шыққан. **Өлді** – асық ойынының атауы. Бұл ойынның шарты ортаңғы сызыққа – сөреге асықтарды санына қарай, бір-біріне қалап, бірнеше қатар етіп, үйіп тігеді. Содан соң екі жағынан шеткі сызықты мөре ғып белгілейді. Тіліміздегі «Мөре-сөре болу» деген тіркес осыдан шыққан. Бірінші ату кезегі «үштабандағыдай». Кезегі келген ойыншы үйілген кенейлерді атып құлатқанда, сақасы бүк түссе, шашылған асықтардың бүгесін, шік түссе шігесін алуға хақысы бар. Мұндай құбылысты «сақасына сай келу» деп атайды. Тіліміздегі «сақадай сай» деген тіркес осыдан туындаған. Егер шашылған асықтар түгел бүге түсіп, сақасы шіге түсіп қалса, онда ол ойыншының асық алуына болмайды. Әрі қарай шеткі сызықтан екінші ойыншы атады. Алғашқы ойыншы шашылған асықтарды тігіп беруі шарт. Келесі ойыншы алдыңғы ойыншының сақасы түскен жерге қалған асықтарды жинап тігіп ойынды жалғай береді. Үшінші ойыншы атып, бірнеше асық сақасына сай келіп, біразы қалып қойса, онда төртінші ойыншы алдыңғы ойыншының сақасын жатқан жерінде ортаңғы сызықтан атады. Егер сақаға дәл тигізсе, онда *өлді* деп, үшінші ойыншының ұтқан асықтарын сыпырып алады. Оны *құстыру* деп атайды [9]. Ойын атауы *өлді* халық тіліндегі *өлді* «етістіктің жедел өткен шағының III жақ тұлғасы» сөзінің ауыс мағынада бейнелеп қолданылуынан шыққан. **Тас қала** – **асық ойынының атауы**. Тас қала ойынына қатынасушыларға шек қойылмайды Олар тегіс жерді таңдап алып, шеңбер сызады да, дәл ортасына асықтарды бірінші үстіне бірін пирамида етіп жияды. Сонан соң асық тігілген жерден ойынға қатынасушылардың жас ерекшелігіне орай көн белгіленеді. Оның қашықтығы 7–8 метрден кем болмайды. Ойынды бірінші болып бастайтын ойыншыны анықтау үшін сақаларын иіреді. Кімнің сақасы бұрын алшы түссе, ойынды сол бастап,

қалғандары да осы тәртіппен өз кезектерін алады. Алшы – бірінші, тәйке – екінші, бүге – үшінші, шіге – төртінші. Егер ойыншының асығы омпта түссе, онда ол алшыдан жоғары болып есептеледі де, бірінші орынды сол алады. Егер де екі не үш адамның асығы бірдей не алшы, не бүк, не шік, не тәйке түссе, онда сақалар қайта иіріледі.

Атушы тас қалаға сақасын дәл тигізіп, бір асықты шеңберден шығарса, ойынды жалғастырып, сақасы түскен жерден қайта атады Шеңберден атып шығарған асықтарын ала береді. Егер бірінші атушы тигізе алмаса, онда екінші ойыншы атады. Егер атқан ойыншы тас қаланы бұзып, бірақ асықты шеңберден шығара алмаса, онда айыбын қосып тас қаланы, қайта тұрғызады. Егер атушы тас қаланы бұзып, бір асықты шеңберден шығарса, онда қалған асықтарды шеңберден шығара алмағанға дейін ата береді. Қалған ойыншылар бұзылған тас қаланың бытырап жатқан қалдықтарын атып алады. Көнде жатқан асықтар түгелдей біткен соң, ойын қайта басталады [1, 37]. Ойын атауы тас және қала сөздерінің тіркесіп, ауыс мағынада қолданылуынан шыққан екінші аталым болып табылады.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Ойымызды қорытындылай келе, асық ойындарына байланысты жергілікті сөйленістерде мынадай атаулар кездесетін байқадық. Мысалы, *тәйке* сөзі Жамбыл облысында *тана*, Семей облысында *таз*, Ақтөбе жерінде *тауа*, Оралда *тауқа* делінеді. Түрікменстан қазақтарында *омпа* сөзі *тауқа омпта* деп айтылады. Орынбор қазақтарында қой асығы – *қоймек*, Жамбылда *асық* деп, Маңғыстауда ешкі асығы *аңсық*, Орынборда – *ешмек* деп айтылады. Көкшетауда тігулі асықты ататын сақа – *жабай* деп, Қостанайда қорғасын құйылған сақа – *қорғай сақа* деп айтылады. Бұдан басқа асық ойынының әртүрлі атаулары кездеседі. Мысалы: *алтынтабан*, *үштабан* (Жамбылда), *төртасық* – төрт асықты шашып жібергенде төрт түрлі я бір түрлі түссе ұтқаны (Ақтөбеде), *сасыр* (Жамбылда), *атпақыл*, *қойт* (Атырауда), *айдап сал* (Қарағанды). Қызылордада *йірмекіл* сөзі *йірмәңкүл* түрінде айтылады [11]. Көкшетау жерінде *бас* – тігулі тұрған асықты ататын жерде сызылған сызық атауы. *Бастың бір жағында тұрғып аттың, қайта ат! Қайтыс* – сақаны қайта иіру атауы. *Егер сақаны күлдіргенде екі сақа бүк және шік т.б. болып ұқсас түссе, қайтыс деп айтылса, қайта алып соғамыз* [11].

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақтың ұлттық ойындары. / Құраст. : С. Тайжанов, С. І. Қасымбекова. Алматы, 2004. – 115 б.
- 2 **Аманжолов, У.** Асықтар және ләңгі. – Алматы, 2008. – 30 б.
- 3 ДТС – Древнетюркский словарь. Ленинград: Наука, Ленингр. отд., 1969. – 676 с.
- 4 **Кайдаров, А. Т.** Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата : Наука, 1986. – 323 с.
- 5 ҚӘТС – Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы: Арыс. – 2006. – Т. 1–3., 2007. – Т. 4–6
- 6 **Сағындықов, Е.** Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы : Рауан, 1991. – 174 б.
